

Ойыл ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 шілдедегі № 63 шешімі Қазақстан республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес , Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Ойыл ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары, осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ойыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы

С. Займолдин

Ойыл аудандық мәслихатының 2023
жылғы 13 шілдедегі № 63 шешіміне 1-
қосымша

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Ойыл ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету, жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрлері ескерілді.

Жоспар:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Ойыл ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемасын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары, белгіленген картасы (8-қосымша);

9) ауылдық округ аумағындағы жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Ойыл ауылдық округінде 4 елді мекендер бар

Ойыл ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 162792,0 гектар, оның ішінде шабындық – 408,0 гектар, жайылым жерлері – 161567,0 гектар.

Жер санаттары:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 96138,0 гектар;

елді мекендердің жері – 65837,0 гектар;

босалқы жер – 817,0 гектар;

Табиғи жағдайлар бойынша Ойыл ауылдық округінің климаттық аумағы күрт континенталды, қысы салыстырмалы салқын, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда –14; –35°С, шілдеде +24; +38°С. Жауынның орташа түсімі 30 мм, ал жылдық – 214 мм.

Өсімдік жамылғысы әр түрлі; ақ тамырлы жусан, көкпек, шағыр, ебелек, еркек шөп, қияқ, қара жусан және басқалары.

Топырағы қара қоңыр, оңтүстікте сортаң, топырақты жерлер кездеседі. Егер де, округ жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3,0 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады

Ойыл ауылдық округінің елді мекендері бөлінісінде мал басының есебі және жайылымдық алқаптары көлемі (гектар):

Ойыл ауылында 2941 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 1829 шартты/бас, 837 шартты/ бас ұсақ мүйізді мал, 540 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі –33090,0 гектарды құрайды.

Ақшатау ауылында 880 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 509 шартты/бас, 340 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 262 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі –17535,0 гектарды құрайды.

Қаракемер ауылында 664 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 366 шартты/бас, 328 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 267 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі –11682,0 гектарды құрайды.

Екпетал ауылында 486 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 261 шартты/бас, 210 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 109 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі –3530,0 гектарды құрайды.

Ойыл ауылдық округінің кәсіпкерлік субъектілерінің мал басы 3563 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 1821 шартты/бас, 1086 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 3539 шартты/бас жылқы.

Кәсіпкерлік субъектілерінің жайылым алаңы 95730,0 гектарды құрайды.

Округте 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылым ауылшаруашылығы жануарларының азықтық қорегінің негізгі бөлігін құрайды. Жайылымдық алқаптар тез сіңірілетін нәрлі заттарға бай. Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымда бағу олардың қоңдылығын артып, салмақ қосуларына және төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Ойыл ауылдық округіндегі кең таралған бетеге, селеу, жусан мен әртүрлі шөптерден тұратын жайылымдар үшін барынша қолайлысы жыл сайын ретімен, жылдың барлық маусымында мал жайып, кезек-кезек 3-белдеулі жайылым айналымын жасау. Тек осы жағдайда ғана жайылымдық өсімдіктердің тұқым тастауы мүмкін және тозған учаскелер бұрынғы өнімділігін қалпына келтіре алады.

Жайылымдық процесті реттеу, жайылымның айдау кезектілігі, тыңайтқыштар, өсімдіктерді себу жайылымдардың жалпы өнімділігін арттырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ауа – райы жағдайларына, жайылымдық мал азығы ерекшеліктеріне байланысты жайылымдарды пайдаланудың барлық маусымында бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы;

ірі қара мал және жылқы, түйе үшін 45–60 литрді; 1–2 жастағы төл үшін 25–35 литрді;

бір жастағы кіші төл үшін 10–15 литрді; қой және ешкі үшін 3–5 литрді, қозылар, лақтар үшін 1–2 литрді құрайды;

Ойыл ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 161567,0 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 65837,0 гектар жайылым бар.

Ойыл ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған. Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы елді мекендер жерлерінің шекараларында жасалады және осыған байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдаланушылар мен жеке сервитут белгілеу талап етілмейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес, жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Ойыл, Ақшатау, Қаракөмер, Екпетал) елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 23720,0 гектар жайылым алқабы бар, жайылымдық алқаптарында, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын күтіп-ұстау үшін жүктеме нормасы 8,0 гектар/шартты бас болғанда жайылымға қажеттілік туындамайды.

Жүктеме нормасы мүйізді ірі қара мал басына 8,0 гектар/шартты бас, ұсақ мүйізді малға 8,0 гектар/шартты бас, жылқыға 8,0 гектар/шартты бас болғанда жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің

қосымша қажеттілігі Ойыл ауылында 1454,0 га, Екпетал елді мекенінде 2918,0 га барлығы 4372,0 гектар көлемінде қажеттілік бар.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін Ақшатау, Қаракемер елді мекендерінде орналасқан шалғайдағы жайылымдарды ұтымды пайдалану есебінен толықтыру қажет.

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 1- қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Ойыл ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Ойыл ауылдық округі шекарасы	
Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар (жер пайдаланушылардың жер учаскелері)	
Елді мекен жерлері санатындағы жайылымдар	65837,0 га
№1 Екпетал елді мекені маусымдық жайылым	3530,0 га
№2 Ойыл ауылы маусымдық жайылым	19164,0 га
№3 Қаракемер елді мекені маусымдық жайылым	9000,0 га
№4 Ақшатау елді мекені маусымдық жайылым	11100,0 га
№5 Шалғайдағы жайылымдар, №6	6435,0 га 13911,0 га
№7 Жайылымы жоқ заңды немесе жеке тұлғаларға бөлінетін жайылым	2697,0 га

№ 1 кесте

Ойыл ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері тізімі

№	Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы	Жайылым алаңы, (га)	Малдың түрлері бойынша (шарты/бас)		
			МІҚ	ҰММ	жылқы
1	"Айдын" ш/қ	800	21	0	1
2	"Ағатай" ш/қ	4400			93
3	"Ақбота" ш/қ	470	9		
4	"Ақшатау" ш/қ	759		4	89
5	"Акылбек" ш/қ	370	26	23	1
6	"Асланбек" ш/қ	2000			206
7	"Асқар-2" ш/қ	487			
8	"Әділбек" ш/қ	2717	3		123
9	"Әділхан" ш/қ	1150	74	9	12
10	"Әділет-1" ш/қ	999	34	4	21
11	"Әліби-А" ш/қ	750	102		8
12	"Байтақ" ш/қ	568	10	14	1
13	"Бек-Сұлтан"шқ	2124	16	1	9
14	"Береке" ш/қ	197	153	84	88
15	"Берік-А" ш/қ	4019	459	134	247
16	"Бүркіт-әулеті ш/қ	1007	90	14	52
17	"Дәулет алы" ш/қ	476	29	35	18
18	"Данияр-С" ш/қ	8462	117	72	109
19	"Дархан бек"ш/қ	2424	116		25
20	"Дәулет-2" ш/қ	2123	1		5
21	"Дәулет" ш/қ	2000	18	16	2
22	"Дуйсен" ш/қ	4760	28		100
23	"Елдос" ш/қ	3869	179	98	
24	"Ернияз" ш/қ	370	10	6	
25	"Ерұлан" ш/қ	1952	115	2	81
26	"Ердәулет" ш/қ	1000	148		
27	"Естек" ш/қ	1110	73	42	20
28	"ЖаМиДи" ш/қ	849		5	
29	"Жігер" ш/қ	305	70		
30	"Көптілеу" ш/қ	2100	29		
31	"Қайнар" ш/қ	380	6		1
32	"Кайсар" ш/қ	500	19	3	18
33	"Қарасай" ш/қ	700			67
34	"Құлбай" ш/қ	1598			50

35	"Кұрылыс" ЖШС	496	19		
36	"Максат" ш/к	3375			227
37	"Мерей" ш/к	450	82	14	25
38	"Мейрен" ш/к	507			44
39	"Мереке" ш/к	1797	22		12
40	"Мұрагер" ш/к	2130	518	41	
41	"Нұр-Аға" ш/к	786	77	14	2
42	"Нұрайна" ш/к	1260	22		25
43	"Нұрхан" ш/к	978	96	53	70
44	"Несібе" ш/к	1800		59	56
45	"Өміржан" ш/к	2471	107		14
46	"Санжар-А" ш/к	420	57	5	
47	"Сайын" ш/к	535	29	8	11
48	"Сартоғай" ш/к	820	70	14	
49	"Сәт және Бақ" ЖШС	1495		78	76
50	"Сегізсай" АӨК	1223	47		54
51	"Төрт-тоғай-1" ш/к	500	45		2
52	"Төлеуіш" ш/к	650	19	17	9
53	"Тұлпар" ш/к	3400	4		198
54	"Хажі" ш/к	3383	154	11	6
55	"Жастық" ш/к	3374			177
56	"Беріш" ш/к	2148	174	23	63
57	"Оймауыт" ш/к	3337	6	4	12
58	"Ақниет" ш/к	600	58	25	75
	Барлығы:	95730,0	3563	1086	3539

кестенің жалғасы

Жайылымға қажеттілік нормасы 1 шартты/ бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылым айырмашылығы +,- (га)
МІҚ	ҰММ	жылқы	МІҚ	ҰММ	жылқы	жиыны (га)	
8	8	8	168	0	8	176	624
8	8	8	0	0	744	744	3656
8	8	8	72	0	0	72	398
8	8	8	0	32	712	744	15
8	8	8	208	184	8	400	-30
8	8	8	0	0	1648	1648	352
8	8	8	0	0	0	0	487
8	8	8	24	0	984	1008	1709
8	8	8	592	72	96	760	390
8	8	8	272	32	168	472	527

8	8	8	816	0	64	880	-130
8	8	8	80	112	8	200	368
8	8	8	128	8	72	208	1916
8	8	8	1224	672	704	2600	-2403
8	8	8	3672	1072	1976	6720	-2701
8	8	8	720	112	416	1248	-241
8	8	8	232	280	144	656	-180
8	8	8	936	576	872	2384	6078
8	8	8	928	0	200	1128	1296
8	8	8	8	0	40	48	2075
8	8	8	144	128	16	288	1712
8	8	8	224	0	800	1024	3736
8	8	8	1432	784	0	2216	1653
8	8	8	80	48	0	128	242
8	8	8	920	16	648	1584	368
8	8	8	1184	0	0	1184	-184
8	8	8	584	336	160	1080	30
8	8	8	0	40	0	40	809
8	8	8	560	0	0	560	-255
8	8	8	232	0	0	232	1868
8	8	8	48	0	8	56	324
8	8	8	152	24	144	320	180
8	8	8	0	0	536	536	164
8	8	8	0	0	400	400	1198
8	8	8	152	0	0	152	344
8	8	8	0	0	1816	1816	1559
8	8	8	656	112	200	968	-518
8	8	8	0	0	352	352	155
8	8	8	176	0	96	272	1525
8	8	8	4256	328	0	4584	-2454
8	8	8	616	112	16	744	42
8	8	8	176	0	200	376	884
8	8	8	768	424	560	1752	-774
8	8	8	0	472	448	920	880
8	8	8	856	0	112	968	1503
8	8	8	456	40	0	496	-76
8	8	8	232	64	88	384	151
8	8	8	560	112	0	672	148
8	8	8	0	624	608	1232	263
8	8	8	376	0	432	808	415
8	8	8	360	0	16	376	124
8	8	8	152	136	72	360	290

	шылардың атауы	МІҚ	ҰММ	жылқы	МІҚ	ҰММ	жылқы
1	Ойыл ауылы	1112	837	540	8	8	8
2	Ақшатау ауылы	371	340	262	8	8	8
3	Қаракемер ауылы	298	328	267	8	8	8
4	Екпетал ауылы	225	210	109	8	8	8
	Барлығы:	2006	1715	1178	8	8	8



кестенің жалғасы

Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылым айырмашылығы +,- (га)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі,%
МІҚ	ҰММ	жылқы	жиыны (га)		
8896,0	6696,0	4320,0	19912,0	-1454,0	92,7
2968,0	2720,0	2096,0	7784,0	5679,0	173,0
2384,0	2624,0	2136,0	7144,0	1610,0	122,5
1808,0	1680,0	872,0	4360,0	-2918,0	49,4
16056,0	13720,0	9424,0	39200,0	2917,0	107,6

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 2- қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы

Ақтөбе облысы
Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі




№	Ауылдық округ атауы	2023 жылғы маусымдық жайылым айналымы				2024 жылғы маусымдық жайылым айналымы			
		1	2	3	4	1	2	3	4
1	Ойыл ауылдық округі	КЖМ	ЖМ	ЖКМ	ДҚ	ДҚ	КЖМ	ЖМ	ЖКМ

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 – екі жылға маусымдық жайылым айналымын пайдалану кезегі.

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 3- қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы

Ақтабе облысы
Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі



Ойыл ауылдық округі шекарасы



Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері



Елді мекен жерлер санатындағы маусымдық жайылымдар




Жайылымдық инфрақұрылым объектілері







№1 Екпетал ауылының маусымдық жайылым	3530,0 га
№2 Ойыл ауылының маусымдық жайылым	19164,0 га
№3 Қаракемер ауылының маусымдық жайылым	9000,0 га
№4 Ақшатау ауылының маусымдық жайылым	11100,0 га

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024
жылдарға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға 4- қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы

Ақтөбе облысы
Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі



-  Ойыл ауылдық округі шекарасы
-  Көлдер, өзендер, тоғандар мал суару орындары және басқа да көздер
-  Табиғи жайылымдар
-  Жайылым айналымдары
-  Ауылшаруашылығы жануарларын жақ және жылжытудың маусымдық маршруттары
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу маршруттары


Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы: ірі қара мал және жылқы, түйе үшін 45–60 литрді; 1–2 жастағы төл үшін 25–35 литрді; бір жастағы кіші төл үшін 10–15 литрді; қой және ешкі үшін 3–5 литрді, қозылар, лақтар үшін 1–2 литрді құрайды.

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы елді мекендер жерлерінің шекараларында жасалады және осыған байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдаланушылар мен жеке сервитут белгілеу талап етілмейді

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5- қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Ақтөбе облысы
Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі



Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу схемасы.
№7 учаске Қаракемер ауылы 2697,0 га





Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 6- қосымша

Ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

Ақтөбе облысы
Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі



 Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы. №5 учаске Ақшатау ауылы 6435,0 га, №6 учаске Қаракемер ауылы 13911,0 га
← Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7- қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округ атауы	2023 жылғы қоршаулар саны				2024 жылғы қоршаулар саны			
		1	2	3	4	1	2	3	4
1	Ойыл ауылдық округі	КЖМ	ЖМ	ЖКМ	ДҚ	ДҚ	КЖМ	ЖМ	ЖКМ

Жайылым кезеңінің ұзақтығы топырақтық-климаттық аймағына, ауыл шаруашылығы жануарлар түріне, сондай-ақ жайылым өнімділігіне байланысты біркелкі құрғақ – селеулі – бетегелі – жусанды далада 180–200 күнді құрайды.

Бұл жағдайда, жайылымның ұзақтығы мүйізді ірі қара, ұсақ мүйізді мал, жылқы және түйелер үшін қар жамылғысының максималды тереңдігі мен қардың тығыздығына және басқада факторларға байланысты.

Ескерту: аббревиатураның шешуі:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ДҚ – демалушы қоршау;

МІҚ– мүйізді ірі қара;

ҰММ – ұсақ мүйізді мал;

ШҚ – шаруа қожалығы;


ЖШС– жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

АӨК– ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі;

Е/М– елді мекен, А – ауыл.

Ойыл ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 8- қосымша

Жергілікті жағдайлармен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары, белгіленген картасы.



— Қажетті жайылымдардың сыртқы шекарасы
— Қажетті жайылымдардың ішкі шекаралары және алаңдары

№1 Екпетал ауылының қажетті жайылымы	3530,0 га
№2 Ойыл ауылының қажетті жайылымы	19164,0 га
№3 Қаракемер ауылының қажетті жайылымы	9000,0 га
№4 Ақшатау ауылының қажетті жайылымы	11100,0 га

Ойыл аудандық мәслихатының 2023
жылғы 13 шілдедегі № 63 шешіміне 2-
қосымша

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің

шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету, жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрлері ескерілді.

Жоспар:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемасын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлармен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары, белгіленген картасы (8-қосымша);

9) ауылдық округ аумағындағы жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер,

шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 3 елді мекендер бар.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 160557,0 гектар, оның ішінде егістік жерлер – 909,0 гектар, шабындық –2740,0 гектар, жайылым жерлері 156329,0 гектар, босалқы жер – 579,0 гектар.

Жер санаттары:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 108551,0 гектар;

елді мекендердің жері – 51427,0 гектар;

босалқы жер –579,0 гектар;

Табиғи жағдайлар бойынша Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің климаттық аумағы күрт континенталды, қысы салыстырмалы салқын, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда –14; –35°С, шілдеде +24; +38°С. Жауынның орташа түсімі 30 мм, ал жылдық – 214 мм.

Өсімдік жамылғысы әртүрлі, ақ тамырлы жусан, көкпек, шағыр, ебелек, еркек шөп, қияқ, қара жусан және басқалары.

Топырағы қара қоңыр, оңтүстікте сортаң, топырақты жерлер кездеседі. Егер де, округ жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын мен қардың мөлшеріне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3,0 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің елді мекендері бөлінісінде мал басының есебі және жайылымдық алқаптар көлемі (гектар):

Қаратал ауылында 1121 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 855 шартты/бас, 394 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 494 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі – 25815,0 гектарды құрайды.

Құмжарған ауылында 441 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 209 шартты/бас, 135 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 165 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі – 14350,0 гектарды құрайды.

Қарасу ауылында 157 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 90 шартты/бас, 128 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 51 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі – 11262,0 гектарды құрайды.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің кәсіпкерлік субъектілерінің мал басы 2928 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 1854 шартты/бас, 787 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 2146 шартты/бас жылқы.

Кәсіпкерлік субъектілерінің жайылым алаңы 104902,0 гектарды құрайды.

Округте 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылым ауыл шаруашылығы жануарларының азықтық қорегінің негізгі бөлігін құрайды. Жайылымдық алқаптар тез сіңірілетін нәрлі заттарға бай. Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымда бағу олардың қондылығын артырып, салмақ қосуларына және төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіндегі кең таралған бетеге, селеу, жусан мен әр түрлі шөптерден тұратын жайылымдар үшін барынша қолайлысы жыл сайын ретімен, жылдың барлық маусымында мал жайып, кезек-кезек 3-белдеулі жайылым айналымын жасау. Тек осы жағдайда ғана жайылымдық өсімдіктердің тұқым тастауы мүмкін және азып тозған учаскелер бұрынғы өнімділігін қалпына келтіре алады.

Жайылымдық процесті реттеу, жайылымның айдау кезектілігі, тыңайтқыштар, өсімдіктерді себу жайылымдардың жалпы өнімділігін арттырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ауа – райы жағдайларына, жайылымдық мал азығы ерекшеліктеріне байланысты, жайылымдарды пайдаланудың барлық маусымында бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы;

ірі қара мал және жылқы, түйе үшін 45–60 литрді; 1–2 жастағы төл үшін 25–35 литрді;

бір жастағы кіші төл үшін 10–15 литрді; қой және ешкі үшін 3–5 литрді, қозылар, лақтар үшін 1–2 литрді құрайды.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 156329,0 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 51427,0 гектар жайылым бар.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған. Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы елді мекендер жерлерінің шекараларында жасалады және осыған байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдаланушылармен жеке сервитут белгілеу талап етілмейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңның 15–бабына сәйкес, жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Қаратал, Құмжарған, Қарасу) елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 9323,0 гектар жайылым алқабы бар, жайылымдық алқаптарында, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын күтіп-ұстау үшін жүктеме нормасы 8,0 гектар/шартты бас болғанда жайылымға қажеттілік туындамайды.

Жүктеме нормасы мүйізді ірі қара мал басына 8,0 гектар/шартты бас, ұсақ мүйізді малға 8,0 гектар/шартты бас, жылқыға 8,0 гектар/шартты бас болғанда жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі туындамайды.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға
1-қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері тізімі

№	Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы	Жайы-лым алаңы, (га)	Малдың түрлері бойынша (шарты/бас)		
			МІҚ	ҰММ	жылқы
1	"Әбіл-Ата" ш/қ	275	27		
2	"Адак" ш/қ	450	20		49
3	"Әділет" ш/қ	3191			
4	"Айболат" ш/қ	500	18	14	16
5	"Ақбота" ш/қ	1932	43	3	25
6	"Ақжол-М" ш/қ	3500	174		74
7	"Али" ш/қ	300			
8	"Али-2" ш/қ	3180	94	4	10
9	"Әлімбет" ш/қ	823	4	1	1
10	"Агро-Эра" ЖШС	1045			
11	"Амантай" ш/қ	1637	48	68	
12	"Арман" ш/қ	420	17		
13	"Ай-Ерке" ш/қ	1500			
14	"Әлжан" ш/қ	2985		2	
15	"Бақытжан" ш/қ	2230	69	7	18
16	"Әсел" ш/қ	543	17	29	33
17	"Әділ" ш/қ	1292			71
18	"Бажкен-1" ш/қ	591	10	5	5
19	"Бақыт" ш/қ	1333	87		50
20	"Бекзат" ш/қ	2100	101	88	86
21	"Бек-Нұр" ш/қ	3440	242		
22	"Бек-Сұлтан" ш/қ	199	40	3	20
23	"Берік-С" ш/қ	1181	4	6	25
24	"Амина" ш/қ	792			
25	"Бибинур"	140	14	17	11
26	"Бірлік-2" ш/қ	114			139
27	"Болашақ" ш/қ	1622			67
28	"Бағлан" ш/қ	1250	16	8	4
29	"Даулет" ш/қ	3390	38		76
30	"Дәурен-Ай" ш/қ	9964	56	105	109
31	"Дияр" ш/қ	1895	3	5	154
32	"Достық" ш/қ	200			
33	"Дошай-А" ш/қ	260		4	8
34	"Дулат" ш/қ	900		45	26

35	"Есбол-А" ш/қ	763	23	28	12
36	"Елім-Ай" ш/қ	548	50	11	312
37	Тәуекел-1	722			
38	"Жаңа талап" ш/қ	1027	182	71	
39	"Заңгар" ш/қ	2068			62
40	"Казыбек" ш/қ	372	18	18	29
41	"Қайрош" ш/қ	1594	37	3	1
42	"Қайсар" ш/қ	500	9	8	
43	"Қамбар" ш/қ	600	9		5
44	"Қаратал" ш/қ	2197	30		
45	"Келешек" ш/қ	670			
46	"Қойшы-Н" ш/қ	2000	10		10
47	"Қоспан" ш/қ	1004	30		
48	"Кумар" ш/қ	350	17	5	4
49	"Манарбек" ш/қ	699	26	7	9
50	"Марал" ш/қ	2831	86	66	65
51	"Мерей-С" ш/қ	1792			
52	"Мэлс" ш/қ	1828	80	9	47
53	"Нур-Акан" ш/қ	1315	17		9
54	"Нурбол" ш/қ	798	11	5	1
55	"Өзбек" ш/қ	869			23
56	"Отар" ш/қ	3295			
57	"Ырзабек" ш/қ	499	5		
58	"Рахат" ш/қ	2371	74		9
59	"Ренат" ш/қ	615	105	22	15
60	"Сабыржан" ш/қ	3250	98		67
61	"Сабыр" ш/қ	1544	14	3	62
62	"Саға" ш/қ	645	194	27	43
63	"Сандибек-2" ш/қ	590		8	44
64	"Санжар" ш/қ	2675	64		
65	"Сұлтан" ш/қ	482	22	4	6
66	"Сәт" ш/қ	524	104	9	53
67	"Сыбаға" ш/қ	1498	1	34	33
68	"Тауекел" ш/қ	1021			
69	"Толғанай" ш/қ	3420			
70	"Шәңке" ш/қ	300			
71	"Шаттық" ш/қ	452	10	4	6
72	"Ихсан" ш/қ	2000			98
	Барлығы:	104902,0	2928	787	2146

кестенің жалғасы

Жайылымға қажетті лік нормасы 1 шарты/ бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылым айырмашы лығы +,- (га)
МІҚ	ҰММ	жылқы	МІҚ	ҰММ	жылқы	жиыны (га)	
8	8	8	216			216	59
8	8	8	160		392	552	-102
8	8	8				0	3191
8	8	8	144	112	128	384	116
8	8	8	344	24	200	568	1364
8	8	8	1392		592	1984	1516
8	8	8				0	300
8	8	8	752	32	80	864	2316
8	8	8	32	8	8	48	775
8	8	8				0	1045
8	8	8	384	272		656	981
8	8	8	136			136	284
8	8	8				0	1500
8	8	8		16		16	2969
8	8	8	552	56	144	752	1478
8	8	8	136	232	264	632	-89
8	8	8			568	568	724
8	8	8	80	40	40	160	431
8	8	8	696		400	1096	237
8	8	8	808	704	688	2200	-100
8	8	8	1936			1936	1504
8	8	8	320	24	160	504	-305
8	8	8	32	48	200	280	901
8	8	8				0	792
8	8	8	112	136	88	336	-196
8	8	8			1112	1112	-998
8	8	8			536	536	1086
8	8	8	128	64	32	224	1026
8	8	8	304		608	912	2478
8	8	8	448	840	872	2160	7804
8	8	8	24	40	1232	1296	599
8	8	8				0	200
8	8	8		32	64	96	164
8	8	8		360	208	568	332
8	8	8	184	224	96	504	259
8	8	8	400	88	2496	2984	-2436
8	8	8				0	722
8	8	8	1456	56		1512	-485

8	8	8			496	496	1572
8	8	8	144	144	232	520	-148
8	8	8	296	24	8	328	1266
8	8	8	72	64		136	364
8	8	8	72		40	112	488
8	8	8	320			320	1877
8	8	8				0	670
8	8	8	80		80	160	1840
8	8	8	320			320	684
8	8	8	136	40	32	208	142
8	8	8	208	56	72	336	363
8	8	8	688	528	520	1736	1095
8	8	8				0	1792
8	8	8	640	72	376	1088	740
8	8	8	136		72	208	1107
8	8	8	88	40	8	136	662
8	8	8			184	184	685
8	8	8				0	3295
8	8	8	40			40	459
8	8	8	592		72	664	1707
8	8	8	840	176	120	1136	-521
8	8	8	784		536	1320	1930
8	8	8	112	24	496	632	912
8	8	8	1552	216	344	2112	-1467
8	8	8		64	352	416	174
8	8	8	512			512	2163
8	8	8	88	32	48	168	314
8	8	8	832	72	424	1328	-804
8	8	8	8	272	264	544	954
8	8	8				0	1021
8	8	8				0	3420
8	8	8				0	300
8	8	8	80	32	48	160	292
8	8	8			784	784	1216
8	8	8	23424,0	6296,0	17168,0	46888,0	58014,0

Ескерту: аббревиатураның шешуі:

МІҚ – мүйізді ірі қара;

ҰММ – ұсақ мүйізді мал;

Ш/Қ – шаруа қожалығы;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

АӨК – ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі;

Е/М– елді мекен, А – ауыл.

№ 2 кесте

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ірі қара малдың аналық (сауын) мал басын жайылымдар мен қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер

№	Елді мекені	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың болуы шартты/бас	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 шартты/бас, (га)
1	Қаратал ауылы	25815,0	855	8
2	Құмжарған ауылы	14350,0	209	8
3	Қарасу ауылы	11262,0	90	8
4	Барлығы:	51427,0	1154	8

кестенің жалғасы

Жайылым-дардың қажеттілігі, (га)	Жайылымдар мен қамтамасыз етілмеген (га)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, %	Жайылым айырмашылығы га +,-
6840,0		100,0	18975,0
1672,0		100,0	12678,0
720,0		100,0	10542,0
9232,0		100,0	42195,0

№ 3 кесте

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде басқа ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін қосымша жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер

№	Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы	Малдың түрлері бойынша (шарты/бас)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 шартты/ бас, (га)		
		МІҚ	ҰММ	жылқы	МІҚ	ҰММ	жылқы
1	Қаратал ауылы	266	394	494	8	8	8
2	Құмжарған ауылы	232	135	165	8	8	8
3	Қарасу ауылы	67	128	51	8	8	8
4	Барлығы:	565	657	710	8	8	8


кестенің жалғасы

Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылым айырмашылығы +,- (га)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі,%
МІҚ	ҰММ	жылқы	жиыны (га)		
2128,0	3152,0	3952,0	9232,0	9743,0	205,5

1856,0	1080,0	1320,0	4256,0	8422,0	298,0
536,0	1024,0	408,0	1968,0	8574,0	536,0
4520,0	5256,0	5680,0	15456,0	26739,0	273,0

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 2 - қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы




№	Ауылдық округ атауы	2023 жылғы маусымдық жайылым айналымы				2024 жылғы маусымдық жайылым айналымы			
		1	2	3	4	1	2	3	4
1	Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	КЖМ	ЖМ	ЖКМ	ДҚ	ДҚ	КЖМ	ЖМ	ЖКМ

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 – екі жылға маусымдық жайылым айналымын пайдалану кезегі.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 3-қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы


Ақтөбе облысы
Оңыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі



№1 Қаратал ауылының маусымдық жайылымы 15435,0 га
№2 Құмжарған ауылының маусымдық жайылымы 9700,0 га
№3 Қарасу ауылының маусымдық жайылымы 1676,0 га

Ш.Берсиев атындағы ауылдық
Округінде 2023-2024 жылдарға
Арналған жайылымдарды басқару және
Оларды пайдалану жөніндегі жоспарға
4- қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі шекарасы

Көлдер, өзендер, тоғандар мал суару орындары және басқа да көздер

Табиғи жайылымдар

Жайылым айналымдары

Ауылшаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың

маусымдық маршруттары

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу маршруттары


Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы: ірі қара мал және жылқы, түйе үшін 45–60 литрді; 1–2 жастағы төл үшін 25–35 литрді; бір жастағы кіші төл үшін 10–15 литрді; қой және ешкі үшін 3–5 литрді, қозылар, лақтар үшін 1–2 литрді құрайды.


Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы елді мекендер жерлерінің шекараларында жасалады және осыған байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдаланушылар мен жеке сервитут белгілеу талап етілмейді.


Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5- қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Ақтөбе облысы
Оңыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі





 Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу схемасы №4 учаске. Қарасу ауылы 3800,0 га

 Ауылшаруашылығы жануарларын жаю және жылқытудың маусымдық маршруттары

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға
6- қосымша

Ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



 Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы
№5 учаске. Құмжарған ауылы 5000,0 га, №6 учаске Қаратал ауылы 15816,0 га



Ауылшаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюды және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округ атауы	2023 жылғы қоршаулар саны				2024 жылғы қоршаулар саны			
		1	2	3	4	1	2	3	4
1	Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі	КЖМ	ЖМ	ЖКМ	ДҚ	ДҚ	КЖМ	ЖМ	ЖКМ

Жайылым кезеңінің ұзақтығы топырақтық-климаттық аймағына, ауыл шаруашылығы жануарлар түріне, сондай-ақ жайылым өнімділігіне байланысты біркелкі құрғақ – селеулі – бетегелі – жусанды далада 180–200 күнді құрайды.

Бұл жағдайда, жайылымның ұзақтығы мүйізді ірі қара, ұсақ мүйізді мал, жылқы және түйелер үшін қар жамылғысының максималды тереңдігі мен қардың тығыздығына және басқада факторларға байланысты.

Ескерту: аббревиатураның шешуі:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ДҚ – демалушы қоршау;

МІҚ– мүйізді ірі қара;

ҰММ – ұсақ мүйізді мал;

ШҚ – шаруа қожалығы;

ЖШС– жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

АӨК– ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі;

Е/М– елді мекен, А – ауыл.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 8-қосымша

Жергілікті жағдайлармен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары, белгіленген картасы.



— Қажетті жайылымдардың сыртқы шекарасы
— Қажетті жайылымдардың ішкі шекаралары және алаңдары

№1 Қаратал ауылына қажетті жайылым 15435,0 га
№2 Құржарған ауылына қажетті жайылым 9700,0 га
№3 Қарасу ауылына қажетті жайылым 1676,0 га

Ойыл аудандық мәслихатының
2023 жылғы 13 шілдедегі
№ 63 шешіміне 3- қосымша

Көптоғай ауылдық округінде 2023–2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Көптоғай ауылдық округінде 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету, жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрлері ескерілді.

Жоспар:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Көптоғай ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемасын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары, белгіленген картасын (8-қосымша);

9) ауылдық округ аумағында жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған

сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Көптоғай ауылдық округінде 4 елді мекендер бар.

Көптоғай ауылдық округінің жалпы ауданы 190366,0 гектар, оның ішінде шабындық –1547,0 гектар, жайылым жерлері – 185272,0 гектар, босалқы жер – 3547,0 гектар.

Жер санаттары:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 98707,0 гектар;

елді мекендердің жері – 88112,0 гектар;

босалқы жер 3547,0 гектар;

Табиғи жағдайлар бойынша Көптоғай ауылдық округінің климаттық аумағы күрт континенталды, қысы салыстырмалы салқын, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда –14; –35°С, шілдеде +24; +38°С. Жауынның орташа түсімі 30 мм, ал жылдық – 214 мм.

Өсімдік жамылғысы әртүрлі; ақ тамырлы жусан, көкпек, шағыр, ебелек, еркек шөп, қияқ, қара жусан және басқалары.

Топырағы қара қоңыр, оңтүстікте сортаң, топырақты жерлер кездеседі. Егер де, округ жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын мен қардың мөлшеріне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3,0 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

Көптоғай ауылдық округінің елді мекендері бөлінісінде мал басының есебі және жайылымдық алқаптар көлемі (гектар):

Көптоғай ауылында 1267 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 719 шартты/бас бас, 512 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 681 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі 33722,0 гектарды құрайды.

Амангелді ауылында 901 шартты/бас мүйізді ірі қара, оның ішінде аналық мал 601 шартты/бас, 241 шартты/бас ұсақ мүйізді мал, 280 шартты/бас жылқы.

Жайылым көлемі 21960,0 гектарды құрайды.

